

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
6D021400 – «Әдебиеттану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Сатылханова
Гульмира Алихановнаның «Қазақ новеллаларындағы детальдың
көркемдік қызметі» тақырыбындағы диссертациясына
рецензент филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған
профессор м.а

Балтабаева Гауһар Саядыловнаның

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы.

Әдебиеттану ғылымындағы қандай да болмасын ғылыми еңбектің және онда көтерілген негізгі тақырыптың біз өмір сүріп отырған кезең, уақыт үшін өзектілігі айрықша. Соның ішінде дамыған, ғылыми көкжиегі күн сайын кеңейіп келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымы үшін эпикалық шағын дүние – новелла жанрымен қатар детальдың көркемдік қызметінің кеңінен талданып, қарастырылуы маңызды. Ұлттық әдебиетіміздің, оның ішінде прозаның идеялық, көркемдік деңгейі қандай болса, ұлтымыздың да интеллектуалдық, эстетикалық өресі сол деңгейде болатындығы ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде новелла жанрының арғы-бергі тарихына алғаш рет ғылыми тұрғыда жан-жақты тоқталып, теориялық тұрғыда жанрлық ерекшеліктерін нақтылай көрсетіп, әңгімеден ара-жігін ажырата отырып, ондағы детальдың көркемдік қызметіне тоқталу жұмыстың құндылығы мен ғылыми маңыздылығын екі есе арттыра түседі деп танымыз және қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін өзекті деп айта аламыз.

Шынтуайтына келгенде, бұл күрделі тақырыптың барлық мәселесін диссертант Г.Сатылханованың жалғыз еңбегі шешіп бере алмайды. Алдағы уақытта дәл осы мәселеге қатысты басқа да ғылыми еңбектердің жазылатындығына күмәнданбаймыз. Себебі қазақ әдебиеттануы ғылымында бұл тақырыпқа жазылған ғылыми жұмыстар жоқтың қасы деуге болады.

Зерттеу тақырыбының көкейкестілігі жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысымен, атап айтқанда, ҚР «Білім туралы» Заңын, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын», сондай-ақ бүгінгі таңда аса өзекті болып отырған «Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл», «Рухани жаңғыру» идеяларын басшылыққа алуымен сипатталады.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ғылыми-зерттеу жұмысында жасалған түйіндер мен қорытындылардың, әрбір ғылыми нәтижелер мен соған сәйкес жасалған тұжырымдардың негізделу және шынайылық дәрежесі жоғары. Зерттеу жұмысында тақырыпқа сәйкес отандық және шетелдік теориялық еңбектер жан-жақты қарастырылған. Әр тараудың соңында берілген нәтижелердің негізделуін, сол негіздемелер арқылы жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың дәрежесі мен деңгейін ізденуші алдына қойған міндеттерді талдау барысында түбегейлі дәйектеп шеше білген. Диссертант өзінің зерттеу нысанасына қатысты жүйелі талдаулар жасап, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Диссертацияда бүгінге дейін жарық көрген қазақ новеллаларының үздік үлгілері тақырыптық, идеялық, поэтикалық ерекшеліктері тұрғысынан жан-жақты талданған. Диссертант өзі жасаған қорытындыларын көркем әдебиеттің осы жанрын зерттеген көрнекті зерттеушілердің, ғалымдардың пікірлерімен дәйектеп отырған. Новелла жанры мен деталь мәселесіне қатысты басқа зерттеушілер тарапынан бұрын-соңды айтылған ой-тұжырымдарды жүйелі зерделей отырып, олардың кейбір маңызды пікірлерін тереңдетіп, өрістете дамытып отырады. Қазақ әдебиеттану ғылымымен қатар шетел әдебиеттанушыларының келтірген ғылыми деректеріне жүгініп, оларды өз ой-пікірлерін дәйектеуге орнымен пайдаланып, қолданады.

Зерттеушінің мына жасаған пайымдаулары жаңа болып табылады:

- қазақ новеллаларының алғаш рет осы жұмыста тақырыптық, идеялық, поэтикалық тұрғыдан жан-жақты кешенді талдануы;
- қазақ новелласының көшін ғылымда қалыптасқан пікір бойынша Саттар Ерубаевтан емес, Ыбырай Алтынсарин, Бейімбет Майлиндерден бастауы батыл пікір. Және онысы негізсіз де емес, бүгінге дейін бұл ой белгілі теоретик ғалымдар Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов еңбектерінде нақты айтылып, жазылса да, ғылыми айналымға түспегені ақиқат. Өз ой-тұжырымын көрнекті зерттеуші-ғалымдардың ой-пікірлерін алға тарта, бекіте отырып, ұсынуы – ізденушінің ғылыми этикетінің жоғарылығын және осы мәселеге аса байыппен қарайтындығын көрсетеді.
- детальдың бір емес, бірнеше көркемдік қызметін нақтылы мысалдар үлгісінде дәлелдей көрсетуі ғылыми тұрғыда нанымды шыққан. Қазақ новеллаларындағы детальдың табиғаты, көркемдік қызметі талданған бірқатар ғылыми зерттеулерді басшылыққа ала отырып, толыққанды зерттелу хронологиясын жасап шыққандығы – үлкен еңбек.

Тұтастай алғанда, зерттеудің мақсат-міндеттері айқын, жетекші идеясы нақты, теориялық негізі мығым. Зерттеу жұмысының теориялық негізі дұрыс таңдалған және соған орай пайдаланылған зерттеу әдістері нақты әрі дәйекті нәтижелер алуға негіз болған. Жұмыс – жүйелі, әрбір екінші тарау өзінен бұрынғы тарауды толықтырып, оның логикалық жалғасы ретінде дамып

отырады, сондай-ақ еңбектің кіріспесі мен қорытындысы да өздеріне қойылатын функцияны орындап тұр.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеушінің жариялаған мақалаларында зерттеу нәтижелерінің көрініс табуы ғылыми жұмыстың практикалық мәнділігін көрсетеді. Зерттеу жұмысы барысында докторанттың қол жеткізген нәтижелерін жоғары оқу орнының студенттеріне «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Көркем мәтінді талдау» және «Әдебиеттану» мамандығында білім алушыларды оқытуда «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» пәндерінде пайдалануға болады.

Ізденушінің зерттеу еңбекте қол жеткізген нәтижелері теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Г.Сатылханованың зерттеу тақырыбы бойынша диссертацияның негізгі қағидалары мен тұжырымдары халықаралық ауқымдағы ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда, алыс-жақын шетелдік басылымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus ақпараттар базасына енетін импакт-факторлы журналда жарияланған.

6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.

Ғылыми жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу еңбектің мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сай рәсімделген.

Дегенмен диссертацияның жалпы құрылымы мен мазмұнына, рәсімделуіне қатысты төмендегідей кемшіліктерді де атай кеткен жөн:

- зерттеу жұмысында қазақ тілінде термин ретінде орныққан кейбір ұғымдар қолданылмай орысша нұсқа күйінде ұсынылған. Мемлекеттік тілді ғылым тіліне айналдырамыз деген талап тұрғысынан алып, қазақ тілінде термин ретінде тұрақталған сөздерді жаратып, әдебиеттану саласында А.Байтұрсынов қалыптастырған сара жолды ғылыми зерттеу жұмысы арқылы байыта түссе орынды болар еді.
- зерттеуде диссертант дәйектемелерге көбірек жүгінеді. Бір беттің өзінде 3-4-тен аса ғылыми еңбектерге сілтемелер жасалатын тұстары бар.

Алайда, аталған сын-ескертпелер диссертациялық зерттеудің мазмұнына, теориялық құндылығына нұқсан келтірмейді.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорыта келгенде, Г.А.Сатылханованың «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ новеллаларындағы детальдың көркемдік қызметі» атты диссертациялық жұмысын оның «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сай келетіндігін ескере отырып, Г.А.Сатылханова «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Рецензент:

**Филология ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор м.а
« _____ » _____ 2019ж.**



Г.С.Балтабаева